


## 01 Қаптаманың ішіндегісі



Бауы бар ақылды сағат x 1 дана




Зарядтау құрылғысы x 1 дана



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық x 1 дана

## 02 Сағат туралы



Ескертпе.

Сағатты қосу үшін қуат батырмасын басыңыз және басып тұрыңыз. Егер сағат қосылмаса, оларды зарядтаңыз.

## 03 Сағатты түйіндістіру

- Оған қолданбаны жүктеу үшін ұялы телефонның көмегімен пайдаланушы нұсқаулығынан QR-кодты сканирлеңіз. Қолданбаның соңғы нұсқасын да Google Play немесе Apple App Store дүкенінен жүктеуге болады.
- Қолданбаны ашыңыз, есептік жазбаны тіркеңіз және кіруді орындаңыз.
- Сағатпен дұрыс түйіндістіру үшін қолданбада көрсетілетін нұсқаулықтарды орындаңыз. Түйіндістіруді аяқтағаннан кейін сағатта дұрыс уақыт көрсетіледі.
- Қажет болса, сағаттың басқа функцияларын теңшеуге болады.

Ескертпе.

- Ең үздік нәтижелерді алу үшін қолданбаның ең жаңа нұсқасын қолданыңыз.
- Қажетті операциялық жүйе: Android 5.0, iOS 10.0 немесе барынша ескі нұсқалар.
- Ұялы телефонда Bluetooth көмегімен сағатқа тікелей түйіндістіруді орындамаңыз. Сағатпен дұрыс түйіндістіру үшін қолданбада көрсетілетін нұсқаулықтарды орындаңыз.




Зерр қолданбасын жүктеу

## 04 Сағатты зарядтау

- Сағаттың USB зарядтау құрылғысының портын ұялы телефонның зарядтау құрылғысына немесе USB компьютердің жалғағышына қосыңыз.
- Сағатты зарядтау базасына орнатыңыз. Сағаттың бағытына және жайғасымына назар аударыңыз, сонымен қатар, сағаттың артқы панеліндегі металл түйіспелер зарядтау базасына тығыз жанасатынына көз жеткізіңіз.
- Зарядтау басталған кезде, сағаттың экранында зарядтау барысы көрсетіледі.


Ескертпе.

- Сағатпен жиынтықта жеткізілетін зарядтау базасын қолданыңыз. Зарядтаудың алдында зарядтау базасы құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- 1 A немесе одан артық күштік бейімдегішті қолданыңыз.



## 05 Сағат бауын алып тастау және бекіту

Суреттерде сағаттың бауын қалай қосу немесе ажырату керектігі көрсетілген.



Ескертпе.

Бауын бекіткеннен кейін оның сәтті бекітілгеніне көз жеткізіп, жақсылап тартыңыз.

## 06 Тағу

- Сағат бауын таққан кезде, оны тым босатпаңыз, бірақ тері тыныс алуы үшін тым қатты тартпаңыз. Бұл ыңғайлылық сезімін және қадағаның тиісті жұмысын қамтамасыз етеді.
- Қанның оттегімен қанығуын өлшеген кезде сағатты дұрыс тағыңыз. Сағатты кәрі жілік-білезік буынына тақпаңыз, қолыңызды түзу ұстаңыз, сағаттың білек терісіне ыңғайлы (тығыздығы орташа) жанасуын бақылаңыз және өлшеу процесі кезінде қолыңызды қозғалтпаңыз. Сыртқы факторлардың әсері (қолды бугу, қолды тербеу, қолдағы шаш, татуировка және т.б.) кезінде, өлшеу нәтижесі қате болуы мүмкін немесе өлшеу нәтижелерді шығармай қатемен аяқталуы мүмкін.
- Жаттығуларды орындаған кезде сағат бауын қаттырақ тартуды және одан кейін босатуды ұсынамыз.

## 07 Нерізгі параметрлер

Өнімнің үлгісі: A2017.

Кіріс қуаты: 5 В тұр. Ток 500 мА ең көбі.

Bluetooth нұсқасы: BLE V5.0.

Шығыс қуат BLE: <5 дБм.

Жұмыс температурасы: 0-45 °С.

Өнімді сертификаттау туралы ақпаратпен «Теңшелімдер > Жүйе» Теңшелім» бетінде танысуға болады.

Су өткізу класы: 5 ATM.

Bluetooth жиілігі: 2400-2483.5 МГц.

Құрылғыға қойылатын талаптар: Android 5.0 немесе iOS 10.0 немесе ең соңғы нұсқалары бар құрылғылар.

Дайындаушы-ел: Қытай.



Bluetooth® сөздік белгісі мен логотиптері - Bluetooth SIG, Inc. компаниясының тіркелген тауар белгілері болып табылады. Кез келген мұндай Anhui Huami Information Technology Co., Ltd. белгілерін қолдану лицензия бойынша жүргізіледі. Басқа тауар белгілері мен сауда маркалары тиісті иелердің меншігі болып табылады.

## 08 Сертификаттар

Нормативтер мен Amazfit байланысты өнімнің/сәйкестік логотиптерін сертификаттау туралы қосымша ақпарат алу үшін Amazfit құрылғыңыздағы Нормативтік құжаттарға өтіңіз.

## 09 Батареяны қолдану кезінде сақтық шаралары

- Батареяны отқа немесе ыстық тұмшалашке салу, сондай-ақ батареяның механикалық бұзылуы немесе кесілуі жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Төтенше жоғары температурасы бар ортаға батареяны салу жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтың немесе газдың жылыстауына әкелуі мүмкін.
- Батареяны төтенше төмен қысымға ұшырату жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтың немесе газдың жылыстауына әкелуі мүмкін.

## 10 Қауіпсіздік туралы ескерту

- Балаларға және үй жануарларына осы бұйымды және оның керек-жарақтарын тістеуге немесе жүтуге жол бермеңіз, өйткені бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Осы бұйымды тым жоғары немесе төмен температурасы бар жерлерде қалдырмаңыз, өйткені бұл бұйымның тұтануына немесе жарылуына әкелуі мүмкін.
- Бұйымды тұмшалаштер немесе электрлік қыздырғыштар сияқты жылу немесе ашық от көздерінің жанында орналастырмаңыз.
- Кейбір адамдарда пластикке, былғарыға және басқа материалдарға терінің аллергиялық реакциясы болуы мүмкін және бұйымның осы құрауыштарына ұзақ уақыт бойы жанасу жерлерінде қызару, ісігендік, қабыну және басқа симптомдар байқалуы мүмкін. Егер сізге осындай симптомдар байқалса, дереу бұйымды қолдануды тоқтатыңыз және дәрігерге қаралыңыз.
- Сағатты және оның керек-жарақтарын зақымдауы немесе тұтануға, жарылуға және басқа қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін тексерілмеген немесе үйлесімсіз қуат бейімдегіштерін немесе дерек жіберу кабельдерін қолданбаңыз.
- Бұйым генерациялайтын радиотолқындар жүрекшарықтар мен есту аппараттары сияқты медициналық имплантаттардың немесе дербес медициналық құрылғылардың жұмысына ықпал етуі мүмкін. Егер қандай да бір медициналық құрылғыларды қолдансаңыз, өндірушіден осы бұйымға қатысты ықтимал шектеулер туралы біліңіз.
- Осы бұйымды және оның керек-жарақтарын кәдімгі тұрмыстық қалдықтар ретінде қалдырмаңыз. Осы бұйымды және оның керек-жарақтарын қалдыру реттейтін жергілікті нормаларды сақтаңыз және бұйымды дұрыс қайта өңдеуге қолғабыс етіңіз.

## 11 Жөндеу және қызмет көрсету

- Химиялық заттардың қалдықтары теріні тітіркендірмеуі, құрылғы коррозиясын тудырмауы немесе оның судан қорғайтын қасиеттерін төмендетпеуі үшін, сабын, қолға арналған дезинфекциялайтын құралдар, ванналарға арналған көбік немесе тазарту лосьоны сияқты жуғыш құралдардың құрылғыға тиюін болдырмаңыз.
- Шомылу (шомылу үшін көзделген құрылғылар үшін), жүзу (жүзу үшін көзделген құрылғылар үшін) немесе тер бөліну кезінде құрылғыны таққаннан кейін, құрылғыны тезірек тазартыңыз және келтіріңіз.
- Былғары бауы су өткізбейтін болып табылмайды. Баудың дымқылдануын болдырмаңыз, өйткені бұл оның қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Ақшыл бауларды қолданған кезде түстің өзгеруін болдырмау үшін, күңгірт түсті киімге жанасуын болдырмаңыз.
- Снорклингпен шұғылданды, суға секіру, су астында жүзу, су шаңғыларында сырғанау, ыстық душка, ыстық қайнар көздерге, сауналарға (бу бөлмесіне) бару, сондай-ақ жылдам су ағындарымен байланысты басқа қызмет түрлері кезінде сағатты тақпаңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесінің әсеріне ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Қоршаған ортаның тым жоғары немесе тым төмен температурасы құрылғы жұмысындағы ақаулықтарға әкелуі мүмкін.
- Тасымалдаған кезде құрылғымен абайлап жұмыс істеңіз. Құрылғыны құрғақ күйінде және ылғалдан алшақ ұстаңыз.

## 12 Ақауларды жою

Мына веб-сайттағы «Жиі қойылатын сұрақтар» бөлімімен танысыңыз: <https://support.amazfit.com/en>.

## 13 Кепілдік және қайтару саясаты

Amazfit шектеулі кепілдігі бастапқы сатып алу күнінен бастап өндірістік кемшіліктерге қатысты Amazfit өніміне таралады. Кепілдікті мерзімі 12 ай немесе сатып алушы елінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа уақыт кезеңі. Біздің кепілдік тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша қолданыстағы заңнамамен көзделген құқықтарды толықтырады.

Ресми веб-сайт: [en.amazfit.com](http://en.amazfit.com)

Қолдау қызметі: [support.amazfit.com](mailto:support.amazfit.com)

## 14 Қосымша ақпарат

Өндіруші: Аньхуэй Хуами Информэйшн Текнолоджи Ко., Лтд. 1201 каб., А4 ғим, Нэйшэнл Эннимейшн Индастри Бэйс, № 800, Ванцзян батыс тас жол, Жоғары технологиялар аймағы, Хэфэй қ. Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, эд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

TM Amazfit.

Дайындау күні, кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамасында көрсетілген.

